

«ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY» БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІ

Гуманитарлық факультет

Тарих және әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар кафедрасы

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

В014 География пәні мұғалімдерін дайындау

6В01510 – «География-Тарих»

түскен жылы – 2021

Семей, 2021

Факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында қарастырылды

Хаттама № _5_ 20.05.2021 жыл

Университеттің Оқу-Әдістемелік Кеңесінде қайтадан бекітілді

Хаттама № _1_ 17.09.2021 жыл

Берілетін дәреже: «география және тарих пәні мұғалімі» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

Таңдау пәні реттік №	Пәннің атауы	Кредит саны	Пререквизиттер	Постреквизиттер	Пәнді оқытудың мақсаты, қысқаша мазмұны және күтілетін нәтижесі (білу керек, меңгеру керек)
БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР					
Таңдаулы пәндер (ТП)					
1	Ежелгі дүние тарихы	5-Ж	Жалпы білім беретін орта мектепте алған тарихи білім негіздері	Ортағасырлар тарихы	Ежелгі дүние тарихы курсы екі бөлімнен тұрады: Ежелгі Шығыс және Ежелгі Греция мен Рим тарихынан. ЕДТ курсы арнасында Ежелгі Шығыс және Ежелгі Греция мен Римнің ортақ белгілері, әлеуметтік-экономикалық құрылысындағы, саяси институттарындағы, діни-мәдени өрістеріндегі жалпы негіздері және әрқайсысының өзіне ғана тән қоғамдық-саяси әлеуметтік-экономикалық және мәдени салаларындағы ерекшеліктері де қарастырылады. Пәннің мақсаты. Ежелгі дүние тарихы курсының басты мақсаты: тарихшы студенттерге Ежелгі Шығыс, Греция және Рим қоғамының алғашқы қарапайым қауымдық қоғамнан алғашқы мемлекеттік қоғамға өту тарихының басты белгілерін және мемлекеттік институттарының пайда болу тарихын, адамзат дамуындағы жаңа қоғам- өркениеттік қоғамның даму тарихын жан-жақты талдап оқыту, үйрету және игерту болып табылады. Сонымен қатар, Ежелгі дәуір өркениеттерінің адамзат қоғамының дамуының барлық өрістеріне, яғни қоғамдық- саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өрістерінің өркениеттердің бастауына, қалыптасуына және дамуына қосқан үлесі мен орасан зор ықпалын студенттерге жете түсіндіру болып табылады. Пәннің міндеттері: ЕДТ қатысты экономикалық, саяси, географиялық және генеологиялық ұғымдарды;

					Аталған курста қаралатын елдердің даму ерекшеліктерін: табиғи ортаның ролі, тарихи даму қарқындылығы, өзіне дейінгі қоғамның ықпалы мен әсерін және оларды ажырата білуі туралы; Мемлекеттік ұйымдасудың, деологиялық және діни өмірдің жаңа қалыптарының пайда болуы мен дамуы туралы; Құл иеленушіліктің пайда болуы мен дамуы және күйреуіне, оның дүниежүзілік экономикалық үрдістегі өзіндік мән-мағынасы бар қоғамдық құбылыс сипаты туралы; Адамзат қоғамының одан әрі дамуына бастапқы негіз болған мәдени жетістіктер туралы; Аталған курстың деректанулық және тарихнамалық жүйесіндегі концепциялар туралы; Курстың басқа да курстармен тығыз байланыста екендігін, әсіресе алғашқы қоғам тарихымен, географиямен, философиямен, саясаттанумен, экономикамен және т.б. Күтілетін нәтиже: Ежелгі мемлекеттердің қалыптасу мен дамуы туралы білу керек сонымен қатар Ежелгі Египет, Месопотамия, Урарту мемлекеттерінің тарихы, саяси тарихы, қоғамдық құрлысы мен мәдениетімен танысып менгеру керек.
1	Антика тарихы	5-Ж	Жалпы білім беретін орта мектепте алған тарихи білім негіздері	Ортағасырлар тарихы	Антика тарихы курсы екі бөлімнен тұрады: Ежелгі Шығыс және Ежелгі Греция мен Рим тарихынан. Антика тарихы курсы арнасында Ежелгі Шығыс және Ежелгі Греция мен Римнің ортақ белгілері, әлеуметтік-экономикалық құрылысындағы, саяси институттарындағы, діни-мәдени өрістеріндегі жалпы негіздері және әрқайсысының өзіне ғана тән қоғамдық-саяси әлеуметтік-экономикалық және мәдени салаларындағы ерекшеліктері де қарастырылады. Пәннің мақсаты. Антика тарихы курсының басты мақсаты: студенттерге Ежелгі Шығыс,

					Греция және Рим қоғамының алғашқы қарапайым қауымдық қоғамнан алғашқы мемлекеттік қоғамға өту тарихының басты белгілерін және мемлекеттік институттарының пайда болу тарихын, адамзат дамуындағы жаңа қоғам- өркениеттік қоғамның даму тарихын жан-жақты талдап оқыту, үйрету және игерту болып табылады. Сонымен қатар, Ежелгі дәуір өркениеттерінің адамзат қоғамының дамуының барлық өрістеріне, яғни қоғамдық- саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өрістерінің өркениеттердің бастауына, қалыптасуына және дамуына қосқан үлесі мен орасан зор ықпалын студенттерге жете түсіндіру болып табылады. Пәннің міндеттері: Антика тарихына қатысты экономикалық, саяси, географиялық және генеологиялық ұғымдарды; Аталған курста қаралатын елдердің даму ерекшеліктерін: табиғи ортаның ролі, тарихи даму қарқындылығы, өзіне дейінгі қоғамның ықпалы мен әсерін және оларды ажырата білуі туралы; Мемлекеттік ұйымдасудың, деологиялық және діни өмірдің жаңа қалыптарының пайда болуы мен дамуы туралы; Құл иеленушіліктің пайда болуы мен дамуы және күйреуіне, оның дүниежүзілік экономикалық үрдістегі өзіндік мән-мағынасы бар қоғамдық құбылыс сипаты туралы; Адамзат қоғамының одан әрі дамуына бастапқы негіз болған мәдени жетістіктер туралы; Аталған курстың деректанулық және тарихнамалық жүйесіндегі концепциялар туралы; Курстың басқа да курстармен тығыз байланыста екендігін, әсіресе алғашқы қоғам тарихымен, географиямен, философиямен, саясаттанумен, экономикамен және т.б. Күтілетін нәтиже: Ежелгі
--	--	--	--	--	---

					мемлекеттердің қалыптасу мен дамуы туралы білу керек сонымен қатар Ежелгі Египет, Месопатамия, Урарту мемлекеттерінің тарихы, саяси тарихы, қоғамдық құрлысы мен мәдениетімен танысып меңгеру керек.
2	Ежелгі Қазақстан тарихы	5-Ж	Жалпы білім беретін орта мектепте алған тарихи білім негіздері	Ортағасырдағы Қазақстан тарихы	Мақсаты: Қазақстан территориясындағы ежелгі дәуір негізгі кезеңдері және олардың ерекшеліктері туралы толық түсініктер беру. Міндетті: Осы мақсатқа байланысты төмендегідей міндеттер қойылады: - Қазақстанның қазіргі тарих ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып хронологиялық тұрғыдан кезеңдеу негіздерінде мол фактологиялық материалдармен таныстыру; - Қазақстанның ежелгі заман тарихының қалыптасуындағы антропогенез, техногенез, социогенез процестерін жақсы білу және дұрыс талдай білу; - Қазақстанның ежелгі дәуірдегі тарихи, этномәдени процестердің негізгі кезеңдерін және өзіндік сипатын анықтау; - «көшпенілік өркениет» феноменінің мазмұнын ашу; - Түркі этносаяси құрылымдарының қалыптасуының ерекшеліктерін анықтау-ашу; дағдыны және біліктілік-бейімділікті меңгеруі:- Қазақстанның ежелгі тарихын оқып-танудың теориялық- тарихи эволюция заңдарын, нақты тарихи, деректемелік және тарихнамалық аспектілерін байланыстыра білу, тарихилық принцип негізінде тарихи өткенімізді талдай білу; - Қазақстанның ежелгі тарихының түрлі кезеңдерін сипаттау барысында ғылыми зерттеу еңбектерге өз бетінше сын көзбен талдау жасай білу, - Қазақстанның ежелгі тарихының жазбаша тарихи деректерімен танысу, талдай білу;

					- Қазақстанның ежелгі тарихы пәнінен алған білімін күнделікті өмірде практикалық шешімдерді негіздеуге қолдана білу. Күтілетін нәтиже: Бұл курс пәндерді кәсібилендіру цикліне және міндетті курс компонентіне жатады. Бұл пәнді оқу барысында студент әлемдік тарихи тенденциялар негізінде адамзаттың тарихи дамуының негізгі кезеңдері туралы жалпы қоғамтану, әлем тарихы мен Қазақстан тарихынан бұрынғы алған білімдеріне қайта ой елегіен өткізу, - Тарихи білім берудің негіздерін күнделікті ғылыми жұмысында қолдана білу; тарихи оқиғалардың табиғи мәнін ашып көрсету, оларға баға беруді, тарихи деректер мен құжаттар, тарихнамалық әдебиеттермен жұмыс жүргізуді және оны сараптауды, тарихи білім берудің талаптарын, ғылыми-методологиялық негіздерін меңгеруі қажет.
2	Қосалқы тарихи пәндер	5-Ж	Жалпы білім беретін орта мектепте алған тарихи білім негіздері	Шетелдер тарихының тарихнамасы мен деректануы, Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректануы	Курстың мақсаты —тарихи дереккөздің шығу тегі туралы барынша ақпарат алу және оны ғылыми зерттеулерде пайдаланудың заңдылығы дәрежесін белгілеу. Мазмұны:"Қосалқы тарихи пәндер»-Тарихи деректердің мазмұны мен түрлерінің ерекшеліктеріне байланысты дербес әдістер қалыптасқан және тарихи зерттеулердің техникасы мен әдістерінің мәселелері қарастырылатын ғылыми пәндер жүйесі. Бүгінгі таңда тарихи зерттеулер барысында екінші дәрежелі тарихи заттарды айналып өту мүмкін емес. Олар адам тарихының барлық салалары – экономика тарихы, Әлеуметтік тарих, Саяси тарих және мәдениет тарихы мәселелерінде бірегей фактілер мен мәліметтерді пайдалануға мүмкіндік береді. Қосалқы тарихи пәндерге негізінен генеология, хронология, Нумизматика, ономастика,

					Геральдика, сфрагистика, Тарихи метрология, картография, палеография, Тарихи география пәндері жатады. Ал олардың әрқайсысының зерттеу, оқыту салалары ғана емес, сонымен қатар әдістер мен нысандар да әр түрлі. Күтілетін нәтиже: Білу керек тарихи деректерді құру уақытын, орнын, шарттарын анықтауға, олардың авторлығын және түпнұсқалығын анықтауға мүмкіндік беретін арнайы әдістемелер мен техникалық тәсілдерді. Дағдысы болу керек: білім алушыларда тарихи дереккөздерге қызығушылығын ояту.
3	Ортағасырдағы Қазақстан тарихы	5-Ж	Ежелгі Қазақстан тарихы	Қазақстан ның жаңа заман тарихы	Мақсаты: Қазақстан территориясындағы ортағасырдағы негізгі кезеңдері және олардың ерекшеліктері туралы толық түсініктер беру. Міндетті: Осы мақсатқа байланысты төмендегідей міндеттер қойылады: - Қазақстанның қазіргі тарих ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып хронологиялық тұрғыдан кезеңдеу негіздерінде мол фактологиялық материалдармен таныстыру; - Қазақстанның ортағасырлардағы тарихи, этномәдени процестердің негізгі кезеңдерін және өзіндік сипатын анықтау; - Қазақ халқының этногенезінде маңызды роль атқарған ерте темір дәуіріндегі тайпалық одақтардың, түрік, қыпшақ және оғыздардың этникалық және саяси тарихын көрсету; - Ұлы Жібек жолының ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени өміріндегі қосқан үлесін көрсету; - моңғол шапқыншылығы қарсаңындағы Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени дамуы туралы түсінік беру; - қазақ халқының қалыптасуының жалпы заңдылықтарын және өзіндік

					ерекшеліктерін ашу; - кейінгі ортағасырлар кезеңіндегі (XIII ғ. басы-ХҮІІІ ғ. алғашқы ширегі) этносаяси дамудың бұрынғы түркілік кезеңмен (ҮІ-ХІІ ғғ.) бөлінбес байланыстылығын көрсету; -Тарихи деректер мен құжаттар, тарихнамалық әдебиеттермен жұмыс жүргізуді және оны сараптауды меңгеруі қажет. - Қазақстанның ортағасыр тарихы туралы тарихи ғылыми тұжырымдар жасау, тарихи танымдылық және тарихи сананы қалыптастыруды үйрену. - Тарихи процестерді дұрыс талдай білу және ғылыми нақтыланған тарихи таным арқылы студенттер бойында ұлтжандылық, отансүйгіштікті және тарих ғылымының қазіргі даму дәрежесіне сай зерттеушілік қабілетін, мәдениетін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Бұл курс пәндерді кәсібилендіру цикліне және міндетті курс компонентіне жатады. Бұл пәнді оқу барысында студент әлемдік тарихи тенденциялар негізінде адамзаттың тарихи дамуының негізгі кезеңдері туралы жалпы қоғамтану, әлем тарихы мен Қазақстан тарихынан бұрынғы алған білімдеріне қайта ой елегіен өткізу, - Тарихи білім берудің негіздерін күнделікті ғылыми жұмысында қолдана білу керек; тарихи оқиғалардың табиғи мәнін ашып көрсету, оларға баға беруді, тарихи деректер мен құжаттар, тарихнамалық әдебиеттермен жұмыс жүргізуді және оны сараптауды, тарихи білім берудің талаптарын, ғылыми-методологиялық негіздерін меңгеруі қажет.
3	Ортағасырдағы Қазақстан және Орталық Азия мемлекеттерінің тарихы	5-Ж	Ежелгі Қазақстан тарихы	Қазақстанның жаңа заман тарихы	Мақсаты: Қазақстан және Орта Азия территориясындағы ортағасырдағы негізгі кезеңдері және олардың ерекшеліктері туралы толық түсініктер беру.

					Міндетті: Осы мақсатқа байланысты төмендегідей міндеттер қойылады: - Қазақстанның және Орта Азия елдерінің қазіргі тарих ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып хронологиялық тұрғыдан кезеңдеу негіздерінде мол фактологиялық материалдармен таныстыру; - Қазақстанның және Орта Азия елдерінің ортағасырлардағы тарихи, этномәдени процестердің негізгі кезеңдерін және өзіндік сипатын анықтау; - Қазақ халқының этногенезінде маңызды роль атқарған ерте темір дәуіріндегі тайпалық одақтардың, түрік, қыпшақ және оғыздардың этникалық және саяси тарихын көрсету; - Ұлы Жібек жолының ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени өміріндегі қосқан үлесін көрсету; - моңғол шапқыншылығы қарсаңындағы Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени дамуы туралы түсінік беру; - қазақ халқының қалыптасуының жалпы заңдылықтарын және өзіндік ерекшеліктерін ашу; - кейінгі ортағасырлар кезеңіндегі (XIII ғ. басы-ХҮІІІ ғ. алғашқы ширегі) этносаяси дамудың бұрынғы түркілік кезеңмен (ҮІ-ХІІ ғғ.) бөлінбес байланыстылығын көрсету; -Тарихи деректер мен құжаттар, тарихнамалық әдебиеттермен жұмыс жүргізуді және оны сараптауды меңгеруі қажет. - Қазақстанның ортағасыр тарихы туралы тарихи ғылыми тұжырымдар жасау, тарихи танымдылық және тарихи сананы қалыптастыруды үйрену. - Тарихи процестерді дұрыс талдай білу және ғылыми нақтыланған тарихи таным арқылы студенттер бойында ұлтжандылық, отансүйгіштікті және тарих ғылымының қазіргі даму
--	--	--	--	--	--

					дәрежесіне сай зерттеушілік қабілетін, мәдениетін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Бұл курс пәндерді кәсібилендіру цикліне және міндетті курс компонентіне жатады. Бұл пәнді оқу барысында студент әлемдік тарихи тенденциялар негізінде адамзаттың тарихи дамуының негізгі кезеңдері туралы жалпы қоғамтану, әлем тарихы мен Қазақстан тарихынан бұрынғы алған білімдеріне қайта ой елегіен өткізу, - Тарихи білім берудің негіздерін күнделікті ғылыми жұмысында қолдана білу керек; тарихи оқиғалардың табиғи мәнін ашып көрсету, оларға баға беруді, тарихи деректер мен құжаттар, тарихнамалық әдебиеттермен жұмыс жүргізуді және оны сараптауды, тарихи білім берудің талаптарын, ғылыми-методологиялық негіздерін меңгеруі қажет.
4	Ортағасырлар тарихы	5-Ж	Ежелгі дүние тарихы	Шығыс пен Батыс елдерінің жаңа заман тарихы	мақсаты мен міндеттері: Әлем тарихы шеңберінде ортағасырлар тарихының орнын анықтау; Ортағасырлар тарихының негізгі мәселелерімен таныстыру; Ортағасырлар тарихын оқытудың теориялық, нақты-тарихи, деректанулық аспектілерін үйлестіре білу; Аса маңызды тарихи құжаттармен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Пән бойынша негізгі мәліметтер (негізгі оқиғалар, тұлғалар және т.б.); ортағасырлық Европа және Америка елдері тарихының хронологиясы туралы біледі;Европа және Америка елдерінің ортағасырлық тарихы бойынша маңызды тарихнамалық мәселелерді меңгереді; Пәннің категориялық аппаратын және арнайы терминдерді меңгеру керек;Дербес қорытынды жасауды білу керек; Оқиғаның нәтижесін және маңызын бағалай білу.
4	Ортағасырдағы Азия және	5-Ж	Ежелгі дүние	Шығыс пен Батыс	Мақсаты: Феодализмнің қалыптасуы, дамуы құбылыс,

	Африка елдерінің тарихы		тарихы	елдерінің жаңа заман тарихы	заңдылықтары туралы мәлімет беру. Міндеті: Орта ғасырлар кезеңіндегі Азия және Африка елдерінің тарихын қамтиды. Күтілетін нәтиже: Ортағасырлық Азия және Африка елдерінің тарихы, қоғамдық құрылысы және саяси тарихы туралы білу керек , жалпы тарихтың негізгі оқиғалары, процесстері туралы меңгере алады .
5	Геология	5-Ж	Жалпы білім беретін мектептегі географиялық білім негіздері	Топырақ географиясы	Мазмұны: Студенттерге Жер және жер қыртысының құрамы, құрылысы, шығу тегі және дамуы жайлы тереңде, жүйелі білім бере отырып, жер қойнауында және жер бетінде болып жататын табиғи процестерді дұрыс түсінуге, жер қойнауындағы және жер бетінде болып жататын табиғи процестерді дұрыс түсінуге, оны тиімді пайдалануға, қорғауға бағыт береді. Мақсаты: Жер ғаламшар ретінде пайда болуы мен қалыптасындағы процестерді меңгеру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Жер ғаламшар ретінде пайда болуы мен қалыптасын, ондағы физикалық-химиялық процестерін Меңгеру керек: Жер және жер қыртысының құрамы, құрылысы, шығу тегі және дамуы жайлы
5	Палеогеография	5-Ж	Жалпы білім беретін мектептегі географиялық білім негіздері	Топырақ географиясы	Мазмұны: Пән Жер планетасының пайда болуы мен эволюциясының қазіргі теориялары мен гипотезалары, қоршаған кеңістікпен өзара іс-қимыл жасау процесінде оның географиялық қабықшасының қалыптасуы мен дамуының хронологиялық кезеңдері, географиялық қабықшаның ұзақ дамуының нәтижесінде табиғи кешендердің қазіргі ерекшеліктері туралы оқытады. "Палеогеография" пәнінің мақсаты: болашақ бакалаврларда жердің үстіңгі қабатының күрделі жүйесінің субстраттық және құрылымдық-функционалдық сипаттамаларының пайда болуы, дамуы және күрделенуінің планетарлық үдерісіне тарихи-

					эволюциялық дүниетанымды қалыптастыру; палеогеографиялық қайта құрудың негізгі әдістерін меңгеру. Күтілетін нәтиже: Білу: географиялық қабықшаның дамуының негізгі сипаттамалары мен факторларын, оның пайда болуы мен эволюциясының әртүрлі кезеңдерінде комплексті экологиялық зерттеулерде қолдану. Меңгеру: берілген литофациалды жағдай, палеонтологиялық материалдар негізінде палеогеографиялық карталарды және типтік кәсіби есептерді шешу үшін пайдалы қазбалар жинағын құру.
6	Қазақстанның жаңа заман тарихы	6-Ж	Ортағасырдағы Қазақстан тарихы	Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректануы	Мақсаты: Қазақстанның жаңа заман тарихы кезеңдері, тарихи жағдайы мен саяси тарихы туралы мәлімет беру. Міндеті: 18 ғасырдағы Қазақстан тарихындағы саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайы туралы қалыптасу, даму тарихы. Күтілетін нәтиже: Қазақстанның жаңа заман тарихы хронологиясы мен тарихи даму процесі туралы білімдерін қалыптастыру, даму тарихы турасында теориялық білім алып меңгеру.
6	Қазақстанның дәстүрлі мемлекеттілігінің тарихы	6-Ж	Ежелгі Қазақстан тарихы, Ортағасырдағы Қазақстан тарихы	Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректануы	Мақсаты: Мемлекеттілік жайлы мәліметтер бойынша түсінік беру, мемлекеттіліктің қалыптасып дамуы жайында мәлімет беру. Мазмұны: Қазақ мемлекеттілігінің пайда болу тарихын оқып-үйренгенде, көшпелілер өркениеті қағидалары тұрғысынан қарастырылады. Себебі Ұлы далада көшпелі өндіріс тәсілі үстем болды. Күтілетін нәтиже: Қазақстанның жаңа заман тарихы хронологиясы мен тарихи даму процесі, дәстүрлі мемлекеттілігі туралы білімдерін қалыптастыру, даму тарихы турасында теориялық білім алып меңгеру.
7	Шығыс пен Батыс елдерінің жаңа заман тарихы	5-Ж	Ортағасырлар тарихы	Шығыс пен Батыстың қазіргі заман	Мақсаты: Шығыс пен Батыс елдерінің жаңа заман тарихының саяси тарихы, қоғамдық құрылысы

				тарихы	және мәдени дамуы туралы мәлімет беру. Міндеті: Шығыс пен Батыс елдерінің жаңа заман тарихының хронологиялық кезеңдері, тарихи маңызы мен саяси жағдайы қарастырылады Күтілетін нәтиже: Ғылыми және оқу материалдарымен өзіндік жұмыс істеу және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру кәсіби білім алу, маманды дайындау контекстіндегі кәсіби білім, іскерлік пен дағдылар меңгере алады.
7	Жаңа замандағы халықаралық қатынастар тарихы	5-Ж	Ортағасырдағы Қазақстан және Орталық Азия мемлекеттерінің тарихы, Ортағасырдағы Азия және Африка елдерінің тарихы	Қазіргі замандағы халықаралық қатынастар тарихы	Мақсаты: «Жаңа замандағы халықаралық қатынастар тарихы» курсына дипломатиялық қызмет тарихының қалыптасуы, оның даму эволюциясы, сыртқы қатынастардың мемлекеттік органдарының құрылуы мен олардың атқаратын қызметі және олардың халықаралық қатынастар тарихындағы алған орны мен рөлдері қарастырылады. Міндеті: «Жаңа замандағы халықаралық қатынастар тарихы» курстың мақсаты – ежелгі заманнан біздің күндерімізге дейін дипломатия тарихын студенттерге көрсету. Халықаралық қатынастардың жүргізуінің бастаушы қағидаларымен таныстыру. Шет елдермен дипломатиялық қатынастар барысындағы келісім шарттарды талдау; Елдердің елшілік және консулдық қызмет барысындағы қатынастарды анықтау; Дипломатиялық қатынастарының нысандарын жіктеу; Тәуелсіз Қазақстан Республикасының шетел мемлекеттерімен саяси, экономикалық, ғылыми техникалық, мәдени т.б. қатынастарының бағыттарын анықтау. Күтілетін нәтиже: Жаңа замандағы халықаралық қатынастар

					тарихындағы әлем елдерінің үлгілері мен кәсіби дипломатия негіздерін және Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы мемлекеттің мүдделері және елшілік, дипломатиялық қызмет туралы және Қазақстанның шет елдермен дипломаиялық қатынастары туралы білім болашақ тарихшылар үшін аса қажет. Антика кезеңінен бастап күні бүгінге дейінгі әлем елдерінің сыртқы саясаттағы тарихи даму үрдісінің тарихын, сыртқы саясаттағы бағыты, бейбітшілік және бейбіт қатар өмір сүру жөніндегі, халықаралық қатынас қатысушылардың құқықтарымен мүдделерін бейбіт жолмен қорғау және сыртқы саясатты жүзеге асырудағы арнайы дипломатиялық шаралардың ұйымдасуын оқыту маңызды мәселелердің бірі. Жаңа замандағы халықаралық қатынастар тарихы пәнінде тарихшы студенттер тарихтағы дипломатиялық қызмет пен елшілік дәстүрлерді жан-жақты талдап оқиды.
8	Мұражайтану және мұрағаттану негіздері	5-Ж	Жалпы білім беретін орта мектепте алған тарихи білім негіздері	Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректануы, Шетелдер тарихының тарихнамасы мен деректануы	Мақсаты: Мұражайтану және мұрағаттану негіздері курсының мақсатымұражай ісінің теориялық негізі,-мұражай ісінің ғылыми негізі, қызметтері, қоғамдық мәдени ортадағы мұражай және мұрағат ісі, мұражай ісінің әлеуметтік-мәдени қызметтері, мұражай және мұрағат ісінің тәжірбиелік негізі-ғылыми-зерттеу жұмысы мұражай ісінің қалыптасуының негізі, мұражай ісінің бағыттары, мұражай ісін қазіргі мұражайды басқару технологиясындағы менеджмент және маркетинг мәселелерін қарастыру, оның жүйелерін үйрету. Міндеті: Студенттерге қазіргі мұражайтану ісі және, ондағы жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстыру.

					- мұражай ісінің ғылыми негізі, атқаратын қызметтерін анықтау - қоғамдық мәдени ортадағы мұражай ісін ашу - мұражай ісінің әлеуметтік-мәдени қызметтерін айқындау - мұражай ісінің тәжірбиелік негізі-ғылыми-зерттеу жұмысына тоқталу - мұражай ісінің қалыптасуының негізін анықтау - мұражай ісінің бағыттарын көрсету - мұражай ісін қазіргі мұражайды басқару технологиясындағы менеджмент және маркетинг мәселелерін қарастыру Күтілетін нәтиже: Жоғарғы оқу орындары үшін бүгінгі таңда Мұражайтану пәні студенттер үшін аса қажет. Мұражайтану-әлеуметтік ақпараттарды сақтау, мұражай ісі, мұражай заттарының тану мен таныстыру білімі,мұражайтанудың әлеуметтік мәдени және түрлі қоғамдық-экономикалық жағдайлардың жүзеге асу үрдістерін оқытатын ғылым. Мұражайтану-бірнеше жылдан бері қай елдің болмасын мәдени дәстүрдің бет бейнесінің айнасы болып келеді. Мәдени дәстүр адамның шығармашылық ойлау қабілетінің жоғары жеткен жетістігі деуге болады. Әлемнің әлеуметтік-экономикалық дамудың қиындығына қарамастан мұражайтану өркениеттің өміршең институты бола бермек және болады. XX ғасыр мұражай ісінің өркендеу кезеңі болып табылады.
8	Тарихи өлкетану	5-Ж	Ежелгі Қазақстан тарихы	Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректануы	Мақсаты-тарихи өлкетанудағы этнографиялық деректер мен материалдармен танысып.білім қалыптастыру. Мазмұны:Қазақстандағы өлкетанулық жұмыстар, мұражайлар, мұрағаттар мен ескерткіштерді қорғау қоғамының атқаратын рөлдерін қарастыру. Күтілетін нәтиже:Дағдылық

					бойынша қазіргі кездегі тарихи өлкетану өзгешілігі туралы білім алу..Курс соңында студент тарихи өлкетану пәні бойынша толықтай білім алып шығады
9	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	5-Ж	Қазақстанның жаңа заман тарихы	МАК	Мақсаты: Қазақстанның қазіргі заман тарихы туралы мағлұмат беру. Міндеті: 20ғ. басындағы Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, мәдени дамуы мен саяси тарихи жағдайлары туралы қарастырылады Күтілетін нәтиже: Қазақстанның қазіргі заманындағы саяси тарихы, ұлт зиялылары алатын орны, қазақ қоғамының қалыптасып дамуы туралы теориялық білімін қалыптастырып менгеру керек.
9	Қазақстанның қазіргі заман дамуының көкейкесті мәселелері	5-Ж	Қазақстанның жаңа заман тарихы	Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректануы	Мазмұны: Қазіргі кезеңде Қазақстан әлемдік әлеуметтік кеңістіктегі және тарихи уақыттағы өз орнын айқындайды. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанға тарихи сананы қалыптастыру процесі жүргізілді, ол өз тарихи тағдырының ортақтығын сезіну негізінде уақыт пен ұрпақтың байланыстырушы буыны болып табылады. Мақсаты: Пән Қазақстанның дамуының негізгі мәселелерін зерттейді. Күтілетін нәтиже: Қазақстанның жаңа тарихын зерделеу бойынша білім, білік және дағды сомасын қалыптастыру-Еуразия халықтарының тарихымен өзара байланыста және өзара байланыста Қазақстан аумағында болған тарихи оқиғаларды көрсету-жаңа уақыттың қоғамдық-саяси

					және әлеуметтік-экономикалық оқиғаларын өз бетінше зерттеу және талдау дағдыларын қалыптастыру.
10	Шығыс пен Батыстың қазіргі заман тарихы	5-Ж	Шығыс пен Батыс елдерінің жаңа заман тарихы	МАК	Мазмұны: Студенттерге Жер және жер қыртысының құрамы, құрылысы, шығу тегі және дамуы жайлы тереңде, жүйелі білім бере отырып, жер қойнауында және жер бетінде болып жататын табиғи процестерді дұрыс түсінуге, жер қойнауындағы және жер бетінде болып жататын табиғи процестерді дұрыс түсінуге, оны тиімді пайдалануға, қорғауға бағыт береді. Мақсаты: Жер ғаламшар ретінде пайда болуы мен қалыптасындағы процестерді меңгеру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Жер ғаламшар ретінде пайда болуы мен қалыптасын, ондағы физикалық-химиялық процестерін Меңгеру керек: Жер және жер қыртысының құрамы, құрылысы, шығу тегі және дамуы жайлы
10	Қазіргі замандағы халықаралық қатынастар тарихы	5-Ж	Жаңа замандағы халықаралық қатынастар тарихы	Шетелдер тарихының тарихнамасы мен деректануы	Мақсаты: «Қазіргі замандағы халықаралық қатынастар тарихы» курсына дипломатиялық қызмет тарихының қалыптасуы, оның даму эволюциясы, сыртқы қатынастардың мемлекеттік органдарының құрылуы мен олардың атқаратын қызметі және олардың халықаралық қатынастар тарихындағы алған орны мен рөлдері қарастырылады. Міндеті: «Қазіргі замандағы халықаралық қатынастар тарихы» курстың мақсаты – ежелгі заманнан біздің күндерімізге дейін дипломатия тарихын студенттерге көрсету. Халықаралық қатынастардың жүргізуінің бастаушы қағидаларымен таныстыру. Шет елдермен дипломатиялық қатынастар барысындағы келісім шарттарды талдау; Елдердің елшілік және консулдық қызмет барысындағы қатынастарды анықтау; Дипломатиялық қатынастарының

					нысандарын жіктеу; Тәуелсіз Қазақстан Республикасының шетел мемлекеттерімен саяси, экономикалық, ғылыми техникалық, мәдени т.б. қатынастарының бағыттарын анықтау. Күтілетін нәтиже: Қазіргі замандағы халықаралық қатынастар тарихындағы әлем елдерінің үлгілері мен кәсіби дипломатия негіздерін және Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы мемлекеттің мүдделері және елшілік, дипломатиялық қызмет туралы және Қазақстанның шет елдермен дипломаиялық қатынастары туралы білім болашақ тарихшылар үшін аса қажет. Антика кезеңінен бастап күні бүгінге дейінгі әлем елдерінің сыртқы саясаттағы тарихи даму үрдісінің тарихын, сыртқы саясаттағы бағыты, бейбітшілік және бейбіт қатар өмір сүру жөніндегі, халықаралық қатынас қатысушылардың құқықтарымен мүдделерін бейбіт жолмен қорғау және сыртқы саясатты жүзеге асырудағы арнайы дипломатиялық шаралардың ұйымдасуын оқыту маңызды мәселелердің бірі. Қазіргі замандағы халықаралық қатынастар тарихы пәнінде тарихшы студенттер тарихтағы дипломатиялық қызмет пен елшілік дәстүрлерді жан-жақты талдап оқиды.
11	Қазақстанның физикалық географиясы	5-Ж	Жалпы білім беретін мектептегі географиялы қ білім негіздері	Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы	Мазмұны: Қазақстан табиғат жағдайының алуан түрлі екендігін, олардың қалыптасуының географиялық заңдылықтарын жалпы және жеке аймақтар бойынша қарастырып, салыстыра- саралап оқиды. Мақсаты: Қазақстан территориясының табиғат жағдайларының қалыптасу заңдылықтарын және ерекшеліктерін оқытады. Күтілетін нәтиже:

					Білу керек: Қазақстан аумағындағы геологиялық құрылыс, жер бедері, климаты, ішкі сулары, топырақ-өсімдік жамылғысы, жануарлар әлемі және табиғат зоналарын Меңгеру керек: Қазақстан территориясының физикалық – географиялық аудандастырылуы жолдарын
11	Шығыс Қазақстанның физикалық географиясы	5-Ж	Жалпы білім беретін мектептегі географиялық білім негіздері	Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы	Мазмұны: Өлкетану бағдарламасы бойынша Шығыс Қазақстанның физикалық географиясын әр студент өз өлкесі ретінде білуі қажет. Мақсаты: Аймақтың геологиялық құрылысы, жер бедері, климаттық ерекшелігі; ішкі сулары мен топырақ жамылғысы, өсімдіктер мен жануарлар әлемі оқыту. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Шығыс Қазақстанның топырағы, өсімдіктер жамылғысы, жануарлар дүниесі, климаттық ерекшеліктерін Меңгеру керек: Шығыс Қазақстанның физикалық-географиялық жағдайын барлық бағыт бойынша меңгеріп шығу.
12	Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы	5-Ж	Жалпы білім беретін мектептегі географиялық білім негіздері	Дүние жүзінің саяси, әлеуметтік және экономикалық географиясы	Мазмұны: Қазақстан Республикасының қазіргі тәуелсіздік жағдайда дамуы, әлемдік ынтымақтастыққа енуі, нарықтық экономикаға көшуі барысында еліміздің экономикалық және әлеуметтік өмірінде болып жатқан өзгерістер, ол елдермен экономикалық байланысы мен интеграциясы жайлы білім беретін жаңа тұрғыда оқытады. Мақсаты: Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайынның барлық бағыт бойынша ерекшеліктерін оқыту. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Әлеуметтік, экономикалық және саяси географияның басты қағидалары мен заңдылықтарын Меңгеру керек: Нарықтық экономикаға көшуі барысында еліміздің экономикалық және

					әлеуметтік өмірінде болып жатқан өзгерістерін
12	Қазақстанның саяси және әлеуметтік географиясы	5-Ж	Жалпы білім беретін мектептегі географиялық білім негіздері	Дүние жүзінің саяси, әлеуметтік және экономикалық географиясы, Геоэкономика және саяси география негіздері	Мазмұны: Қазақстан Республикасының қазіргі тәуелсіздік жағдайда дамуы, әлемдік ынтымақтастыққа енуі, нарықтық экономикаға көшуі барысында еліміздің экономикалық және саяси өмірінде болып жатқан өзгерістер, ол елдермен экономикалық байланысы мен интеграциясы жайлы білім беретін жаңа тұрғыда оқытады. Мақсаты: Қазақстанның саяси-экономикалық жағдайынның барлық бағыт бойынша ерекшеліктерін оқыту. Күтілетін нәтиже: Білу керек: экономикалық және саяси географияның басты қағидалары мен заңдылықтарын Меңгеру керек: Нарықтық экономикаға көшуі барысында еліміздің экономикалық және саяси өмірінде болып жатқан өзгерістерін
13	Қазіргі дүние географиясы	5-Ж	Жалпы білім беретін мектептегі географиялық білім негіздері	МАК	Мазмұны: Курс ғаламдық-географиялық амал негізінде дүние жүзілік шаруашылықтың кешендерінің орналасуы және өзара байланысының дамуы заңдылықтары туралы арнайы білімді қалптастыру, аймақтарда және мемлекеттердегі қоғамның территориялды ұйымдасуының аймақтық ерекшеліктерін оқытады.; дүние жүзінің ғаламдық мәселелері және оларды шешу жолдары Мақсаты: Дүние жүзі елдерінің аймақтық экономикалық және әлеуметтік саясатын географиялық түрде негіздеу; табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және экономикасы әр түрлі деңгейде дамыған елдердің қоршаған ортасын қорғау Күтілетін нәтиже: Білу керек: дүние жүзінің ғаламдық мәселелері және оларды шешу жолдары; әр түрлі деңгейдегі елдердің шаруашылығының салалық және территориялық құрылымының ерекшеліктерін

					Меңгеру керек: әр түрлі деңгейдегі елдердің шаруашылығының салалық және территориялдық құрылымының ерекшеліктерін; әр түрлі масштабтағы және түрдегі территориялды-шаруашылық кешендерді және дүние жүзілік шаруашылық байланысын қалыптастыратын интеграциялық үрдістерді қарастырады.
13	Геоглобалистика және табиғатты пайдалану	5-Ж	Жалпы білім беретін мектептегі географиялық білім негіздері	МАК	Мазмұны: Пән глобалистика және табиғатты пайдаланудың негізгі категориялары мен ұғымдарын оқытады.Мақсаты: Адам және қоғам өміріндегі глобалистиканың рөлін, әлемнің ғылыми, философиялық және діни суреттерінің негіздерін, глобалистика дамуының негізгі кезеңдерін, аса көрнекті ғалым - өкілдерінің маңызды мектептері мен ілімдерін оқыту. Күтілетін нәтиже: Білу керек: геоглобалистика пәнін, табиғаттың, қоғамның, адамның және адамдық ойлаудың даму заңдылықтарын Меңгеру керек: адам мәдениетінде глобалистика қызметін меңгеріп шығу.
14	Ғылыми зерттеу негіздері	5-Ж	Жалпы білім беретін мектептегі тарихи білім негіздері	МАК	Мазмұны: Ғылыми зерттеулердің негізі болашақ мамандардың зерттеу қабілеттерін анықтау, ашу және дамыту және шығармашылық әлеуетін қалыптастыру мақсатында ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру саласындағы проблемалар мен жетістіктерді қамтиды. Мақсаты: "Ғылыми зерттеулер негіздері" оқу пәнінің мақсаты студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын дамыту; студенттерді ғылыми білімге баулу, олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығы мен қабілеті болып табылады. Күтілетін нәтиже: "Ғылыми зерттеу негіздері" оқу пәнінің мақсаты студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын дамыту; студенттерді

					ғылыми білімге баулу, олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығы мен қабілеті болып табылады.
14	Ғылыми зерттеудің теориясы мен әдістемесі	5-Ж	Қосалқы тарихи пәндер	МАК	Мазмұны: Пәнде ғылыми зерттеу әдістемесінің негіздері баяндалған, ғылыми танымның түрлі деңгейлері қарастырылған. Мақсаты: Ғылыми зерттеудің теориясы мен әдістемесі ерекшеліктерін оқыту. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезеңдері, оның ішінде зерттеу бағытын таңдау, ғылыми-техникалық проблеманы қою, теориялық және эксперименттік зерттеулер жүргізу Меңгеру керек: ғылыми жұмыс нәтижелерін ресімдей алу
15	Топырақ географиясы	5-Ж	Геология	Ландшафттану, геоморфология	Мазмұны: Топырақ географиясы-бұл топырақ-географиялық аудандастыруды жүзеге асыру үшін жер планетасының бетінде топырақтың әр түрлі түрлерінің таралу заңдылықтарын зерттейтін топырақтанудың бағыты. Топырақ географиясы географиялық қабықтың биотикалық компоненті және жалпы Жер биосферасы туралы негіз қалаушы білімді қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Топырақтың қалыптасуы мен генезисі, олардың таралу заңдылықтары туралы білім табиғатта күрделі диалектикалық байланыстардың терең ашылуына ықпал етеді. Мақсаты: Топырақ типтері, таралуы, экологиялық жағдайы жайлы сипаттау. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Қазақстан және жер бетіндегі топырақ түрлерін, оларды мелиорациялау және рекультивациялау түрлерін Меңгеру керек: Қазақстан территориясында таралған топырақ түрлерін анықтап, олардың экологиялық жағдайын
15	Табиғатты тиімді пайдалануды	5-Ж	Геология	Ландшафттану	Мазмұны: Дүние жүзілік экономикалық аренаға шығу

	басқарудың географиялық негіздері				жолында «жетілік» және дамушы мемлекеттер табиғат ресурстарын пайдалану және табиғатты тиімді пайдалануын соңғы жылдары ғана қолға алды. Бұл пән сарқылатын және сарқылмайтын табиғат компоненттерін қалпына келтіру, рациональды қолдану жолдарын қолдануға ұмтылды. Мақсаты: Табиғат пайдаланудың экологиялық-экономикалық тиімді шараларын ұйымдастырып, ұйымдар құруы жайлы сипаттау. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Табиғат байлықтарын экологиялық және экономикалық тұрғыда тиімді пайдалану жолдарын. Меңгеріп шығады: Табиғатты тиімді пайдалануда асырылып жатқан іс-шаралар жолдарын
КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ					
Таңдаулы пәндер (ТП)					
1	Геоморфология	3	Геология	Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы	Мазмұны: Эндогендік және экзогендік процестердің нәтижесінде қалыптақан жер бедерін оқытады. Оған табиғат кешендерінің әрбір компонентінің жекелей және толығымен әсер етіп, морфомүсіндер мен морфокұрылымдар түзуі, дамуы, шөгуі сияқты процестер жүреді. Мақсаты: қалыптасқан жер бедерін зерттеп, оқу халық шаруашылығында кеңінен қолданады. Жергілікті жердің жер бедерінің пішіні мен құрылысына орай онда жүргізілетін инженерлік қызметтер, жол салу және т.б. салаларда маңызды рөл атқарады. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Геологиялық құрылыс пен жер бедерінің арақатынасын терең түсінеді Меңгеру керек: табиғат кешендерінің әрбір компонентінің жекелей және толығымен әсер етіп, морфомүсіндер мен морфокұрылымдар түзуі, дамуы, шөгуі сияқты процестерін
1	Қазақстанның экологиялық -	3			Мазмұны: Эндогендік, экзогендік және антропогендік процестердің

	геоморфологиялық зерттелуі		Геология	Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы	нәтижесінде қалыптасқан жер бедерін оқытады. Оған табиғат кешендерінің әрбір компонентінің жекелей және толығымен әсер етіп, морфомүсіндер мен морфокұрылымдар түзуі, дамуы, шөгуі сияқты процестер жүреді. Мақсаты: қалыптасқан жер бедерін зерттеп, оқу халық шаруашылығында кеңінен қолданады. Жергілікті жердің жер бедерінің пішіні мен құрылысына орай онда жүргізілетін инженерлік қызметтер, жол салу және т.б. салаларда маңызды рөл атқарады. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Геологиялық құрылыс пен жер бедерінің арақатынасын терең түсінеді Меңгеру керек: табиғат кешендерінің әрбір компонентінің жекелей және толығымен әсер етіп, морфомүсіндер мен морфокұрылымдар түзуі, дамуы, шөгуі сияқты процестерін
2	Географияны оқыту әдістемесі	4-Ж	Жалпы білім беретін орта мектепте алған географиялық білім негіздері	МАН	Мазмұны: Жалпы орта білім беру мекемелерінде географияны оқыту үрдісінде кәсіби дайындықтың ғылыми негізі ретінде студенттерді жүйелендірілген білім кешенімен таныстыру. Мақсаты: болашақ география мұғалімінің мақсатты, аналитикалық, жобалық мониторингтік, рефлексивті, зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: білуі керек: - орта мектепте географияны оқыту әдістемесі туралы мәлімет береді. Дағды: студенттер географияны оқытудың жаңа әдістерін қолдану дағдыларын меңгереді және пән туралы теориялық білім алады
2	Географияны оқытудағы инновациялық технологиялар	4-Ж	Жалпы білім беретін орта мектепте алған географиялық білім негіздері	МАН	Мазмұны: Жалпы орта білім беру мекемелерінде географияны оқыту үрдісінде кәсіби дайындықтың ғылыми негізі ретінде студенттерді жүйелендірілген білім кешенімен таныстыру. Мақсаты: болашақ география мұғалімінің мақсатты,

					аналитикалық, жобалық мониторингтік, рефлексивті, зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: білуі керек: - орта мектепте географияны оқыту әдістемесі туралы мәлімет береді. Дағды: студенттер географияны оқытудың жаңа әдістерін қолдану дағдыларын меңгереді және пән туралы теориялық білім алады
3	Ландшафттану	5-Ж	Геология, Топырақ географиясы	Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы	Мазмұны: Бұл пән физикалық географияның бір саласы болып саналатындықтан қоршаған ортадағы құбылыстарды танып- білумен олардың белгілі бір жерге әсер ету деңгейін зерттеумен айналысады. Мақсаты: Сондықтан да негізгі мақсаты студенттерге айналамыздағы табиғат жағдайының пайда болуын, оның өзгеруін, оған әсер етуші табиғи күштермен, антропогендік күштердің әсер ету мүмкіншілігін зерттеу. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Географиялық қабық немесе жертану пәндеріндегі заңдылықтарды, ландшафттанудағы заңдылықтарын Меңгеру керек: Олардың арасындағы байланыстардың белгілі бір жердегі территориялық табиғат кешендерінде де, өзгеруін, дамуын, болашағын.
3	Ландшафттар геофизикасы	5-Ж	Геология, Топырақ географиясы	Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы	Мазмұны: ландшафттанудың ландшафт процестерін физикалық жолмен анықтайтын саласы. Негізінен климаттың, жер бедері және топырақ жамылғысының белгілі бір кешеніне бейімделген органикалық ортаның өніп-өсуіне тікелей қажетті процестерді (ландшафт энергетикасы, жер беті жоғарғы қабатының радиациялық және жылу балансы, өсімдік бойына фотосинтездік радиацияның сіңуі, т.б.) зерттеумен айналысады. Мақсаты: топырақтың жылу және су режимін, биоценоз құрылымын, өзгерісін анықтау жолдарын қарастыру. Ландшафт физикасының

					басты міндеті — табиғаттағы пайдалы биологиялық ортаның өнімділігін арттыру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Географиялық қабық немесе жертану пәндеріндегі заңдылықтарды, ландшафттанудағы заңдылықтарын Меңгеру керек: Олардың арасындағы байланыстардың белгілі бір жердегі территориялық табиғат кешендерінде де, өзгеруін, дамуын, болашағын.
4	Тарихи география	5-Ж	Қазақстанның жаңа заман тарихы	МАК	Мақсаты: Тарихи деректің белгілі бір уақыттағы тарихи және әлеуметтік жағдайда мәлімет беретін тарихи таным құралы ретінде зерттеу, деректанулық талдаудың негізгі принциптерін тәсілдерін және методтарын меңгеруге көмектесу. Міндеті: Қазақстан тарихының тарихнамасы мен дерекнамасы курсы, өмір сүрген негізгі мемлекеттік құрылымдармен, олардың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайымен, тарихи географиясымен, діни ағымдар мен қозғалыстар тарихымен, ірі соғыстар мен толқулар тарихымен таныса алады Күтілетін нәтиже: Қазақстан тарихының тарихнамасын, дерекнамасын оқыту турасында ғылыми тәжірибе жинақтау
4	Қазақстанның экономикалық тарихы	5-Ж	Қазақстанның жаңа заман тарихы	МАК	Мазмұны: Берілген оқу пәнін оқытудың мақсаты-студенттердің Экономикалық география тарихының принциптері мен әдістері туралы жалпы білімді тарихи ғылымның арнайы саласы ретінде меңгеруі, адамзаттың экономикалық өткен географиясын, тарихи үрдістің кеңістіктік жағының сипаты, жергілікті, аймақтық және жаһандық жоспарлардағы адам мен табиғаттың өзара іс-қимылының ерекшеліктері. Студенттер XVI-XX ғғ. Қазақстан халқының саяси, экономикалық географиясы мен географиясының

					ерекшеліктерін білуі керек.; картографиялық материалмен жұмыс істей білу. Пәнді оқу нәтижесінде студенттер экономикалық географияның негізгі әдістерін меңгереді, оларды өзінің ғылыми зерттеулерінде қолдану мүмкіндіктерін меңгереді;Тарихи географияның негізгі ұғымдық аппаратын меңгереді
5	Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректануы	5	Қазақстанның жаңа заман тарихы, Мұражайтану және мұрағаттану негіздері	МАК	Мақсаты: Тарихи деректің белгілі бір уақыттағы тарихи және әлеуметтік жағдайда мәлімет беретін тарихи таным құралы ретінде зерттеу, деректанулық талдаудың негізгі принциптерін тәсілдерін және методтарын меңгеруге көмектесу. Міндеті: Қазақстан тарихының тарихнамасы мен дерекнамасы курсы, өмір сүрген негізгі мемлекеттік құрылымдармен, олардың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайымен, тарихи географиясымен, діни ағымдар мен қозғалыстар тарихымен, ірі соғыстар мен толқулар тарихымен таныса алады Күтілетін нәтиже: Қазақстан тарихының тарихнамасын, дерекнамасын оқыту турасында ғылыми тәжірибе жинақтау
5	Ортағасырлар тарихының деректануы мен тарихнамасы	5-Ж	Ежелгі дүние тарихы, Ежелгі Қазақстан тарихы	МАК	Мазмұны: курстың өзегі орта ғасырдағы негізгі мәселелер туралы тарихи білімді, сонымен қатар нақты зерттеу тәсілдерін, ғылыми мектептерді, ұғымдық аппаратты қалыптастыру ерекшеліктері туралы мәліметтерді құрайды. Онда қазіргі заманғы медиевистиканың негізгі мәселелері көрсетілген, ортағасырлық тақырыптарды әртүрлі тарихи дәуірлерде қабылдау ерекшеліктері көрсетілген, медиевистиканың академиялық ғылым ретінде қалыптасу және даму процестері көрсетілген. Курстың мақсаты студенттерде әлемдік медиевистиканың үрдістері мен мәселелерінің алуан түрлілігі, тарихшы зерттеу жұмысының жетекші бағыттары мен сипаты

					туралы тұтас түсінік қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: "Факт", "тарихнамалық факт" ұғымдарын білу;- тоталитарлық режим кезеңіндегі тарихи зерттеулерге сыни талдау жасай білу
6	Шетелдер тарихының тарихнамасы мен деректануы	5-Ж	Шығыс пен Батыс елдерінің жаңа заман тарихы	МАК	Мазмұны: шет елдердің тарихнамасы және деректану туралы ақпарат береді. Мақсаты: шет елдердегі тарихи оқиғалардың тарихнамасы зерттеледі. Білу: студенттер шет елдердің тарихнамасы мен деректану туралы теориялық білім алады
6	Шетелдер тарихнамасының қазіргі көкейкесті мәселелері	5-Ж	Шығыс пен Батыс елдерінің жаңа заман тарихы	МАК	Мазмұны: шет елдердің тарихнамасы және деректану туралы ақпарат береді. Мақсаты: шет елдердегі тарихи оқиғалардың тарихнамасы зерттеледі. Білу: студенттер шет елдердің тарихнамасы мен деректану туралы теориялық білім алады
7	Дүние жүзінің саяси, әлеуметтік және экономикалық географиясы	6-Ж	Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы	МАК	Мазмұны: Саяси, экономикалық және географияның негігі идеялары мен концепцияларын білдіру, аталмыш салаларды географиялық зерттеулердің әдістері мен жолдарын оқыту. Мақсаты: Қазақстанның көршілес елдерімен мемлекетаралық қарым-қатынас мәселелерін қарастырады. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Дүние жүзі мен аймақтарға, елдер мен аумақтарға экономикалық географиялық сипаттама беру арқылы оның негіздерін. Меңгеру керек: Дүние жүзінің саяси, әлеуметтік және экономикалық географиялық жағдайларын
7	Геоэкономика және саяси география негіздері	6-Ж	Қазақстанның саяси және әлеуметтік географиясы	МАК	Мазмұны: әлемдік экономика — Халықаралық экономикалық қатынастар жүйесі арқылы халықаралық еңбек бөлу негізінде әлем елдерінің ұлттық экономикасын біріктіретін көп деңгейлі, Ғаламдық шаруашылық жүйесі.

					Мақсаты: әлем елдерінің экономикалық дамуын зерттеу. Күтілетін нәтижелер: Этно - діни құрамды, демографиялық жағдайды және әлем елдерінің экономикалық дамуын білу.
8	Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы	5-Ж	Геология, Геоморфология, Қазақстанның физикалық географиясы	МАК	Мазмұны: Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы жалпы физикалық география курсының жалғасы ретінде әрбір материк пен мұхит табиғатының жалпы географиялық заңдылықтарын, табиғатындағы ұқсастық және айырмашылық белгілерін анықтайды. Мақсаты: Территориялық жіктелу заңдылықтары, яғни әртүрлі дәрежедегі территориялық табиғат кешендері тұрғысынан да қарастырады. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Материктер мен мұхиттардың пайда болуын, мобилизм теориясын, плиталардың орналасуы мен қозғалуын, ішкі сулары мен климатын, топырақ-өсімдік жамылғысын Меңгеру керек: Материктер мен мұхиттардың физикалық-географиялық жағдайын барлық бағыт бойынша меңгеріп шығу.
8	Метеорология климатология негіздерімен	5-Ж	Қазақстанның физикалық географиясы	МАК	Мазмұны: Жер бетіндегі климат пен ауа райы, ондағы құбылыстар мен процестердің палеогеографияда және кәзіргі кездегі дамуы жайлы оқытылады. Мақсаты: Бүгінгі таңдағы өзекті мәселелер: озон қабатының тесілуі, “парниктік эффект”, климаттың ғаламдық жылынуын тудыратын факторлар мен оған қарсы қолданылатын іс-шаралар жайлы толық ақпарат беру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Ара райын зерттеу құралдары мен технологияларды білумен қатар, оның нәтижелері арқылы болжауды. Меңгеру керек: Ауа райы мен климат негізгі элементтері мен олардың бір – бірімен өзара ұштасу заңдылықтарын

Ескерту: (Ж) – жеделдетілген оқу түріне арналған пәндер (ЖБ және ОАБ)

**6B01510 География-Тарих білім беру бағдарламасы бойынша таңдаулы пәндер
ТІЗІМІ**

Оқу мерзімі: Күндізгі - 2 жыл ЖО негізінде

Пәннің аталуы	Пәннің коды	Кредит	Семестр
Базалық пәндер			
Таңдау бойынша компонент 1			1
Ежелгі дүние тарихы	EDT1214	5	
Антика тарихы	AT 1214	5	
Таңдау бойынша компонент 2			1
Ежелгі Қазақстан тарихы	EKT 1215	5	
Қосалқы тарихи пәндер	KTP1215	5	
Таңдау бойынша компонент 3			2
Ортағасырлар тарихы	OT1216	5	
Ортағасырдағы Азия және Африка елдерінің тарихы	OAAET1216	5	
Таңдау бойынша компонент 4			2
Ортағасырдағы Қазақстан тарихы	OKT 1217	5	
Ортағасырдағы Қазақстан және Орталық Азия мемлекеттерінің тарихы	OKOAMT 1217	5	
Таңдау бойынша компонент 5			1
Геология	Geo 1218	5	
Палеогеография	PG 1218	5	
Таңдау бойынша компонент 6			3
Қазақстанның жаңа заман тарихы	KZhZT 2219	6	
Қазақстанның дәстүрлі мемлекеттілігінің тарихы	KDMT 2219	6	
Таңдау бойынша компонент 7			3
Шығыс пен Батыс елдерінің жаңа заман тарихы	ShBZhT2220	5	
Жаңа замандағы халықаралық қатынастар тарихы	ZhHKT 2220	5	
Таңдау бойынша компонент 8			2
Мұражайтану және мұрағаттану негіздері	MMN 1221	5	
Тарихи өлкетану	TO1221	5	
Таңдау бойынша компонент 9			4
Қазақстанның қазіргі заман тарихы	KKZT2222	5	
Қазақстанның қазіргі заман дамуының көкейкесті мәселелері	KKZDKM 2222	5	
Таңдау бойынша компонент 10			4
Шығыс пен Батыстың қазіргі заман тарихы	NIVZ 2223	5	
Қазіргі замандағы халықаралық қатынастар тарихы	IMOVNP2223	5	
Таңдау бойынша компонент 11			1
Қазақстанның физикалық географиясы	KFG1224	5	

Шығыс Қазақстанның физикалық географиясы		ShKFG 1224	5	2
Таңдау бойынша компонент 12				
Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы	KEAG1225	5		
Қазақстанның саяси және әлеуметтік географиясы	KSAG1225	5		2
Таңдау бойынша компонент 13				
Қазіргі дүние географиясы	KDG1226	5		
Геоглобалистика және табиғатты пайдалану	GTP1226	5		3
Таңдау бойынша компонент 14				
Ғылыми зерттеу негіздері	GZN 2227	5		
Ғылыми зерттеудің теориясы мен әдістемесі	GZTA2227	5		2
Таңдау бойынша компонент 15				
Топырақ географиясы	TG1228	5		
Табиғатты тиімді пайдалануды басқарудың географиялық негіздері	TTPBGN 1228	5		
Кәсіптендіру пәндері				
Таңдау бойынша компонент 1				3
Геоморфология	GM 2305	3		
Қазақстанның экологиялық - геоморфологиялық зерттелуі	KEGZ 2305	3		
Таңдау бойынша компонент 2				3
Географияны оқыту әдістемесі	MPG 2306	4		
Географияны оқытудағы инновациялық технологиялар	GOIT2306	4		
Таңдау бойынша компонент 3				3
Ландшафттану	Lan2307	5		
Ландшафттар геофизикасы	LG 2307	5		
Таңдау бойынша компонент 4				4
Тарихи география	TG 2308	5		
Қазақстанның экономикалық тарихы	KET2308	5		
Таңдау бойынша компонент 5				4
Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректануы	KTTD 2309	5		
Ортағасырлар тарихының деректануы мен тарихнамасы	OTDT 2309	5		
Таңдау бойынша компонент 6				4
Шетелдер тарихының тарихнамасы мен деректануы	Shttd 2310	5		
Шетелдер тарихнамасының қазіргі көкейкесті мәселелері	ShTKKM 2310	5		
Таңдау бойынша компонент 7				4
Дүние жүзінің саяси, әлеуметтік және экономикалық географиясы	DSAEG2311	6		
Геоэкономика және саяси география негіздері	GSGN2311	6		
Таңдау бойынша компонент 8				4

Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы	MMFG2312	5	
Геоморфология	GM 2312	5	